

М.С. Исаев ^{1*}, Г. Батырбекқызы ², А.Б. Байгапанова ³

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Қазақстан, Түркістан қ.

²М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Қазақстан, Шымкент қ.

³Әлихан Бөкейхан университеті, Қазақстан, Семей қ.

*e-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz

НӘЗІР ТӨРЕҚҰЛОВТЫҢ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ: МӘСКЕУ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫНДА ОҚЫҒАН ЖЫЛДАРЫ

Бұл мақалада отан тарихында өз орнын ала алмай келіп, егемен ел болып тарихымызды түгендей түскенде халқына қайта қауышқан Нәзір Төреқұловтың тұлғалық қалыптасуындағы Мәскеу коммерциялық институтында оқыған жылдары қарастырылады. Ұлтының болашағына жол көрсетіп, халық мүддесі үшін аянбай еңбек еткен қайраткер Нәзір Төреқұлов өмірінің бір кезеңі жаңадан табылып отырған архивтік құжаттар, басылым мәліметтері мен зерттеу еңбектері негізіндегі деректермен тарихи талданды. Кеңестік биліктің биік лауазымында қызмет еткен қазақ қайраткерінің өмірі мен Мәскеу коммерциялық институтында алған білімі, тілдерді меңгеруі және тікелей араласқан қоғамдық-саяси үдеріс бастауларының себеп-салдарлық байланыстары анықталды. Тұлға қалыптасуының белгілі бір кезеңін қарастыруда тарихи деректер мен тұжырымдалған фактілердің мазмұнын ашуға бағытталған салыстырмалы талдау, болжам жасау, талдау тәсілдері жалпы ғылыми және тарихи принциптер негізінде қолданылды.

Ғылыми мақаланың жаңалығы ретінде тарихи тұлға өмірі мен қоғамдық қызметінің шынайы бейнесін дәлелді тұжырымдар мен тың архив құжаттары негізінде ғылыми қалпына келтірілуін жатқызуға болады. Зерттеу нәтижелерін отандық тарих ғылымында Нәзір Төреқұлов туралы жинақталған деректерді қорытындылауда және әдіснамалық басшылыққа алуда қолдануға болады.

Түйін сөздер: тарих, Нәзір Төреқұлов, ұлт, тұлға, қоғамдық-саяси қызмет, интеллигенция, білім.

M.S. Issayev ^{1*}, G. Batyrbekkyzy ², A.B. Baygapanova ³

¹Khoja Ahmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Kazakhstan, Turkistan

²South Kazakhstan university named after M. Auezov, Kazakhstan, Shymkent

³Alikhan Bokeikhan University, Kazakhstan, Semey

*e-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz

Formation of Nazir Torekulov: years of study at the Moscow commercial institute

This article examines the personal development of Nazir Torekulov during his years of study at the Moscow Commercial Institute, who, having failed to take his place in the history of the country, reunited with his people only when we became an independent state. One of the periods in the life of Nazir Torekulov, a figure who worked tirelessly in the interests of the people, pointing the way to the future of his nation, was historically analyzed on the basis of new archival documents, publications and research papers. Cause-and-effect relationships are revealed between the life of a Kazakh figure, who held a high position of Soviet power, and the education acquired at the Moscow Commercial Institute, knowledge of languages and the beginning of his direct participation in the socio-political processes of the country. When considering a certain stage of personality formation, methods of comparative analysis, forecasting, analysis were used, aimed at identifying the content of historical data and established facts on the basis of general scientific and historical principles.

The novelty of the scientific article can be attributed to the scientific restoration of the true picture of the life and social activities of a historical person on the basis of reliable data and new archival documents. The results of the study will be used to summarize the data collected about Nazir Torekulov in domestic historical science and for methodological guidance.

Key words: history, Nazir Torekulov, nation, personality, social and political activity, intelligentsia, education.

М.С. Исаев^{1*}, Г. Батырбекқызы², А.Б. Байгапанова³

¹Международный казахско-турецкий университет
им. Ходжи Ахмеда Ясави, Казахстан, г. Туркестан

²Южно-Казахстанский университет им. М. Ауэзова, Казахстан, г. Шымкент

³Университет Алихан Бокейхан, Казахстан, г. Семей

*e-mail: mukhtar.issayev@ayu.edu.kz

Становление Назира Торекулова: годы учебы в Московском коммерческом институте

В этой статье рассматривается личностное становление Назира Торекулова в годы его обучения в Московском коммерческом институте, который, не сумев занять свое место в истории страны, воссоединился со своим народом только тогда, когда мы стали независимым государством. Один из периодов жизни Назира Торекулова, деятеля, неустанно трудившегося в интересах народа, указывая путь к будущему своей нации был исторически проанализирован на основе новых архивных документов, данных публикаций и исследовательских работ. Выявлены причинно-следственные связи между жизнью казахского деятеля, занимавшего высокую должность советской власти, и образованием, приобретенным в Московском коммерческом институте, владением языками и началом непосредственного его участия в общественно-политических процессах страны. При рассмотрении определенного этапа формирования личности использовались методы сравнительного анализа, прогнозирования, анализа, направленные на выявление содержания исторических данных и установленных фактов на основе общенаучных и исторических принципов.

К новизне научной статьи можно отнести научное восстановление подлинной картины жизни и общественной деятельности исторической личности на основе достоверных данных и новых архивных документов. Результаты исследования будут использованы для обобщения собранных данных о Назире Торекулове в отечественной исторической науке и для методического руководства.

Ключевые слова: история, Назир Торекулов, нация, личность, общественно-политическая деятельность, интеллигенция, образование.

Кіріспе

Қазақ халқының XX ғасыр басындағы тарихы аса күрделі қоғамдық-саяси және әлеуметтік үдерістер мен қайшылықтарға толы. Сонымен қатар бұл кезең ұлт-азаттық және халықтық ағартушылық идеяларды арқау еткен ұлттың маңдайалды зиялыларының ел бірлігі, тәуелсіздігі, өркениетті елдердің қатарынан қалыспай қатарында жүруі сынды үндеуімен де ерекшеленеді. Ұлт зиялылары ол үшін қазақ халқын қалың ұйқыдан оятып, оқу, өнер-білім алуды үгіттей жүріп, ең бастысы дербес мемлекет қалыптастыру жолында аянбай күрес жүргізе білді. Сондықтан ғасыр басындағы ұлт көсемдерінің шығармашылық ізденістері мен қоғамдық-саяси қызметі бүгінгі күн үшін де маңызды болып қала берді.

Нәзір Төрәқұлов – отан тарихында өз орнын ала алмай келіп, егемен ел болып тарихымызды түгендей түскенде халына қайта қауышқан тұлғаларымыздың бірі. Өйткені, оның өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі, шығармашылығы, ұлт болашағына жол көрсетіп, халқының дамыған өркениетті ел болуына арналған. Өз ұлтының мүддесі үшін аянбай қызмет етіп, сол жолда құрбан болса да, көптеген жылдар бойы ұлтына

беймәлім тұлға болып келген Нәзір Төрәқұловтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыдан зерттей түсу бүгінгі қоғамымыз қажет етіп отырған тақырып. Сондай-ақ, тұлғаның өз халқына деген отансүйгіштік қасиетін дәріптей түсу тарихи-танымдық маңызының жоғары екендігін көрсетеді.

Нәзір Төрәқұловтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі біршама ғылыми жеке тақырыптарда арнайы зерттеліп, айналымға енді. Бұл зерттеулердің құндылығы ғұмырнамалық, қоғамдық, саяси-дипломатиялық, журналистік көзқарасын ғылыми тұрғыдан танытуымен және берілген бағалардың әрқелкілігімен ерекшеленеді. Халқының отансүйгіш перзенті Н. Төрәқұловтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің барлық қыры арнайы зерттеуге лайық. Жарияланған әртүрлі ғылыми зерттеулерді саралау Н. Төрәқұлов өмірі мен қызметінің толық ашылып зерттелмеген тұстары көбірек екендігін көрсетіп отыр.

Материалдар мен әдістер

XX ғасыр басындағы қозғалыстар мен сол кезең қайраткерлерінің тарихын зерттеу түбірімен тек 1980 жылдардың аяғы 1990

жылдың басында ғана өзгерді. 1991 жылдан бастап Алаш қозғалысының тарихын зерттеудегі жаңа кезеңі басталды. Осыған дейінгі маркстік методологияның ғылыми баянсыздығы белгілі болды, сонымен қатар тарихи оқиғалар мен құбылыстарды жаңа ұстанымдармен зерттеудің ғылыми-теориялық аппараттың қажеттілігі туындады. Осы бағытты отандық тарихта алғаш рет М.Қ. Қозыбаев (Қозыбаев, 2000), К. Нұрпейісов (Нұрпейісов, 2010), М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 1993), Х. Абжанов (Абжанов, 1998), Т. Омарбеков (Омарбеков, 2003) және басқалардың еңбектері дамытты.

Н. Төрәкұловқа қатысты Ж. Әлмашұлының (Әлмашұлы, 1996) зерттеуінен басқа диссертациялық зерттеулер жүргізілмегенін атап айтамыз. Ал Т. Мансуровтың (Мансуров, 2003) зерттеулерінде қайраткердің елшілік қызметінің кезеңі барынша деректік тұрғыда талданып, тиісті ғылыми бағасы берілді. Н. Төрәкұловты зерттегендердің қатарында Ж. Арыстанов (Арыстанов, 1972), Т. Қожакеев (Қожакеев, 1992), Р. Бердібай (Бердібай, 1997), Б. Қойшыбаев (Қойшыбаев, 1990), Д. Ысқақұлы (Ысқақұлы, 2017), Ы. Ысмаилов (Ысмайылұлы, 1997), Х. Тұрсұнның (Тұрсұн, 2017) және т.б. жазушылар мен филологтарды атауға болады. Сонымен қатар шетелдік зерттеуші Т. Мартиннің (Martin, 2001) ғылыми еңбегінде Н. Төрәкұловтың қоғамдық-саяси қызметіне қатысты ішінара тұжырымдар жасалды.

Зерттеу жұмысы бұрын жарық көрген және ғылыми айналымға алғаш рет енгізіліп отырған архивтік құжаттарға негізделген. Бұл материалдардың басым бөлігі Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві (РФ МА), Мәскеу қалалық Орталық мемлекеттік архиві (МҚОМА), Ресей Ғылым Академиясының архиві (РГАА) қорларындағы деректер құрайды. Тақырыпқа қатысты басылым мақалалары, жеке анкеталар, жеделхаттар және басқа құжаттар пайдаланылды.

Зерттеу мақаламызда жалпыадамзаттық құндылықтық бағдарларды басшылыққа алған әлемдік тарихтың теориялық-әдіснамалық қағидалары басшылыққа алынды.

Кеңестік биліктің биік лауазымында қызмет істеген қазақ қайраткерінің өмірі мен алған білімі, алғашқы тікелей араласқан қоғамдық-саяси үдерісінің себеп-салдарлы байланыстарын анықтауда сараптау, индуктивтік әдістер, хронологиялық әдістер, баға беруде тарихи-салыстыру әдісі, жеке тұлғалардың

қызметіне қатысты нақтылы-күрделі әдістер қолданылды.

Нәтижелер мен талдаулар

Нәзір Төрәкұлов Мәскеу коммерциялық институтына түсу үшін өзінің жазған өмірбаянында «1893 жылы 11 желтоқсанда Ферғана облысы Қоқан қаласында дүниеге келдім» (сурет 1) (МҚ ОМА; қ. 417, т.24, іс. 658, п. 2) деп жазады. Яғни, оның туған жылы мен күніне қатысты нақты деректі көре аламыз. Жастайынан отбасынан көрген өнегелі тәрбиесі мен дүниені танып білуге деген қызығушылығы бала күнінен білім алуға ұмтылуына әсер етті. Алғашқы алған білімі туралы аталған өмірбаянында «Алғашқы білімімді қарапайым мұсылмандық мектепте алдым. Мұнда Құран мен Ислам дәстүрлерімен қатар, осы кезеңде жаңашылдық саналған арифметика және география пәндері оқытылды» (МҚ ОМА; қ. 417, т.24, іс. 658, п. 2) деп жазады. Мұсылмандық мектептен кейінгі білімді Халық ағарту министрлігі тарапынан «бұратаналардың» білім алуын қамтамасыз ету арқылы жергілікті жерлерде кадрлар даярлау үшін Қоқанда ашылған білім беру мекемесіне «1903 жылы жергілікті орыс-түзем мектебіне түсіп» (МҚ ОМА; қ. 417, т.24, іс. 658, п. 2) жалғастырады. 1906 жылы екі жылдық орыс-түзем мектебін бітіргеннен кейін «Қоқан коммерциялық училищесінің I сыныбына қабылдану үшін емтихан тапсыру мүмкіндігіне ие болады» (МҚ ОМА; қ. 417, т.24, іс. 658, п. 2). Бұл оқу орнында алған білімі жас та талапты Нәзірге көп әсер еткенге ұқсайды. Өйткені, оның осы оқу орнын бітіргеннен кейін Мәскеу коммерциялық институтына түсу үшін жазған өмірбаянында «Білім алуды жалғастыру менің оқуға, дүниетаным деңгейімді кеңейтуге деген ынтамды арттырды, ал одан соң алған өз білімімді туған өлкемдегі халқымның қажеті үшін арнағым келеді» (МҚ ОМА; қ. 417, т.24, іс. 658, п. 2) деген тұлғаның өскен ортасы мен халқы үшін қызмет етуге деген ұмтылысының Қоқандағы училищені бітіріп, Мәскеуге жол тартуға талпындырған асыл да ардақты тұжырымы еді.

Т. Мансуровтың «балалық шағында медреседен араб әліпбиін үйренуі, оқи және жаза білуі, намазды, қасиетті «тахфиз әл-Құран әл-Каримнің» бірқатар сүрелерін жатқа білуі сияқты негізгі оқыту бағдарламасын игеруінің кейіннен Төрәкұловқа исламның қасиетті мекені Сауд Арабиясында жас кенес мемлекетінің өкілі

болып қызмет еткенде көп көмегі» (Мансұров, 2014: 38) тиді деген тұжырымын дәлелдей түсетін осы өтініште «қызмет түрі» бағанасында жеке мұғалім және аудармашы деген мәліметтер берілген. Яғни, тұлғаның осы кезеңде мәдениет пен сауда орталықтарының бірі болған Қоқан қаласында аудармашылықпен қатар, жекелеген ауқатты отбасылардың балаларын оқытқандығын көрсетеді.

Қоқан коммерциялық училищесін бітіргендіктен Н. Төрәқұлов 1914 жылы Мәскеу коммерциялық институтына ақылы негізде экономикалық бөлімге тыңдаушы ретінде қабылданады. Өйткені, Қоқан коммерциялық училищесін үздік бітіргендер аталған жоғару оқу орнына тікелей қабылданатын еді. Мұны аталған университеттің тыңдаушыларының тізімінен де көруге болады. 1916 жылы шыққан Мәскеу коммерциялық институты тыңдаушыларының тізімі Экономикалық бөлімі бойынша берілген кестедегі «Тегі, аты, әкесінің аты» бағанасында «Тюрякулов Назирь», «діни сенімі» бағанасында «магометандық», «туған уақыты» бағанасында «11.XII-1893», «атағы және жағдайы» атты бағанада «киргизь», «қандай оқу орнын аяқтаған» деген бағанада «Кокандское 8 кл. комм. уч.», «институтқа қабылданған мерзімі» бағанасында «1914», «бөлімде оқып жатқанына қанша жыл» деген бағанада «2-й» (Список слушателей Московского коммерческого института, 1916) деген мәліметтермен толтырылған. Мәскеу коммерциялық институтындағы жеке ісі бойынша сақталған архив құжаттары тұлға өмірінің осы кезге дейін беймәлім болып келген бір кезеңі мен осы кезеңге байланысты тарихи уақыттарды дәл көрсететіндігімен де маңызды болып отыр.

Н. Төрәқұлов училищені бітірген тарихи кезеңде «... отаршыл әкімшілік ресейлік оқу орындарынан бірлі-жарым орынды қазақ жастарына да беруге мәжбүр болған. Мұндай шараға олар жыл өткен сайын өсе түскен басқару жүйесінің ұлттық кадрларға мұқтажын қанағаттандыру үшін барды. Осы мақсатта генерал-губернаторлықтар кеңсесі жанынан қазақ студенттеріне жылына 3-4 стипендия белгіленіп отырды. Міне, осы белгіленген қаржыға сүйеніп, қазақ жастары Мәскеу, Петербург, Қазан, Орынбор, Омбы, Варшава сияқты қалаларда түрлі мамандықтар бойынша білім алды» (Қойгелдиев, 1995: 86). Дегенмен тұлғаға қатысты табылған құжаттарда оның Мәскеу коммерциялық институтына қандайда бір стипендия негізінде емес, өз қаражатымен

оқығандығын көреміз. Ол 1921 жылы Түркістан Республикасы Кеңестердің Орталық атқару комитеті төрағасы болып қызмет етіп жүрген кезінде К. Маркс атындағы Мәскеу шаруашылық академиясына (Кеңес үкіметі орнағаннан кейін Мәскеу коммерциялық институты осылай өзгеріп аталған) өтініш жазып, сенімхат негізінде Қоқан училищесін бітірген аттестатын (№99), Паспортын және туу туралы куәлігін сенімхат негізінде М. Сорокин деген азамат арқылы алады (Мқ ОМА; к. 417, т.24, іс. 658, п. 10). Яғни бұл құжаттардың ішінде оның қандайда бір стипендия иегері болғандығын анықтайтын құжаттар кездеспейді. Әдетте, басқа тыңдаушылардың жеке ісінде мұндай құжаттар міндетті түрде сақталғандығы көрінді. Сондықтан, тұлға өз қаражаты негізінде жоғары білім алды деген тұжырым жасауға болады.

Мәскеу коммерциялық институтының Н. Төрәқұлов оқыған кезеңдегі жағдайын, аталған оқу орнында тұлғаның қандай ғылым салалары бойынша білім алғанын толығырақ білуіміз үшін Патшалық Ресейдегі жоғары оқу орындары мен олардың тыңдаушыларды қабылдау ережесі, оқытылатын пәндер жоспары, дәріс берген ұстаздары және т.б туралы зерттеулік материалдар мен оқу орындары есептері қарастырылды.

XX ғасырдың басында «Ресейде жалпы 120-дан аса жоғары оқу орны жұмыс жасаса, солардың 65 мемлекеттік, 59 қоғамдық және жекеменшік негізде болды» (Иванов, 1991: 3). Әлеуметтік бағыттылығы мен заңды статусы, ұйымдастырылу принциптері тұрғысынан әртүрлі болғандығына қарамастан, бұл жоғары оқу орындары мемлекеттік аппарат, жергілікті және қалалық басқару ұйымдары, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, халықтық білім беру, өнер салаларына қажетті жоғары кәсіптік мамандар даярлап отырды.

Жоғары оқу орындары арасында коммерциялық жоғары мектептердің орны айрықша болды. Олардың саны 1913 жылы 13 жетті. Бұл бағыттағы жоғары оқу орындары Сауда және өнеркәсіп министрлігіне тікелей есеп беретін мекемелер қатарынан саналды. Жоғары коммерциялық мектептер осы кезеңдегі халық шаруашылығының сауда және өнеркәсіп, банк және сақтандыру, кооперативтік іс, коммуналды-муниципалды және әкімшілік қызметтерге білікті мамандар даярлап отырды.

Коммерциялық білім беру елде кеңінен дәріптеліп, ауқатты интеллигенция тарапынан

да қолдау тауып отырды. Міне, осындай қолдау негізінде Ресейдің әр жерлерінде коммерциялық білім беру мекемелері ашылды. Сондықтан Н. Төрәкұлов оқыған Қоқан коммерциялық училищесін де қоқандық және басқа да дәулетті зиялы қауым өкілдерінің қолдауымен ашылған білім беру ұйымы болды деген қорытынды жасай аламыз. Дегенмен, жеке коммерциялық училище бітіргендерді мемлекеттік қызметтерге алу мәселесінде кері көзқарас болды. Мұны 1912 жылы III Мемлекеттік думасының оңшылдар лидері болған Марковтың мына сөзінен анық аңғаруға болады: «Жеке коммерциялық училищелерді бітіргендер мемлекеттік қызметке дайындалмаған және басқарушы мемлекеттік қызметтерге тағайындауға болмайды» (Иванов, 1991: 3). Дегенмен, 1912 жылы коммерциялық жоғары білім туралы заң күшіне еніп, әрбір институт екі бөлімнен тұрды. Экономикалық бөлім «экономика ғылымдарының кандидаты» кәсіптік атағын иеленіп шығатын мамандарды даярласа, коммерциялық-техникалық бөлім коммерциялық инженерлерді әзірледі. Әрбір бөлім студенттер III курстан соң арнайы мамандық алатын бөлімшелерге бөлінді (Иванов, 1991: 3). Сонымен қатар, институтта оқу 4 жылды құрады.

Мәскеу қалалық Орталық мемлекеттік архивінен табылып отырған 417-қор 24 тізімдегі Н. Төрәкұловтың жеке ісінде оның елшілік қызметінің табысты өтуіне ықпал еткен бірден бір себептердің бірін араб тілінде сөйлеуді меңгеруі осы Коммерциялық институты Экономикалық бөлім деканына жазған өтінішінен көруге болады. Яғни, оның 1914 жылдан бастап Лазарев шығыс тілдері институтында араб, түрік тілдерін меңгеру үшін өз қаржысы есебінен сырттай тыңдаушы болғандығы көрініс табады. Өтініштің мазмұны (Сурет 2) былай келтіріледі:

«Мәскеу коммерциялық институты канцеляриясына

Шынайы I семестр тыңдаушысы
Экономикалық бөлім
Нәзір Төрәкұловтан

Өтініш

Канцеляриядан маған Мәскеу қаласындағы Лазарев Шығыс тілдері институты пәндеріне сыртқы тыңдаушы ретінде қабылдану үшін шынайы тыңдаушы (Коммерциялық институт экономикалық бөлім) куәлігін беруіңізді сұраймын.

Мәскеу, 23 қазан 1914 жыл
Қолы Нәзір Төрәкұлов

Адрес Малая Дворянская көшесі, 24 үй 2 пәтер» (Мқ ОМА; к. 417, т.24, іс. 658, п. 9).

Лазарев Шығыс тілдері институтына ақылы негізде сыртқы тыңдаушы қатарына қосылу үшін ереже бойынша оқып жүрген жоғары оқу орнынан тыңдаушы екендігін білдіретін куәлік өткізуі керек болды (Тридцатилетие специальных классов Лазаревского института восточных языков 1903: 43).

Н.Төрәкұлов елшілік қызметтен келгеннен кейін өзінің соңғы жұмыс орны Мәскеу Шығыс халықтары тілі мен жазбалары институтына жұмысқа қабылдау үшін толтырған жеке анкетасында қандай тілдерді еркін меңгергенсіз бағанасын толтырғанда «ағылшын тілін» сөздікпен аударып алатындығын, ал, «орыс, қазақ, қырғыз, татар, араб, түрік, француз» (РГАА, к. 677, т. 7, іс. 146, п. 2) тілдерін еркін білетіндігін жазады.

Ол 1922-1928 жылдар арасында Сауд Арабиясына дипломатиялық қызметке ауысқанға дейін Мәскеуде Шығыс халықтарының Орталық баспасында 6 жыл қызмет атқарғандығы белгілі (Baturbekkyzy, Otarbaeva, Mussayeva etc., 2017). Орталық баспадағы басшылық қызметі, Бүкілресейлік шығыстанушылар ассоциациясының мүшесі болуы және елші ретінде Сауд Арабиясына жіберілуі, сонымен қатар, елшіліктен кейін КСРО Ғылым академиясы КСРО халықтары тілдері мен жазбасы институтына қызметке алынуына аталған тілдерді еркін меңгеріп шығуының ықпалы зор болды.

Сондай-ақ, Лазарев шығыс тілдері институтында сыртқы тыңдаушылардың жеке істері құжаты ретінде архивтерге өткізілмегендігін айттып өтуіміз қажет.

Мемлекет қайраткері ретінде қалыптасуына осы Коммерциялық институтта алған білімі оның дүние түсінігін кеңейтіп, ғылымның әртүрлі салаларынан хабардар етті. Мәскеу коммерциялық институтында сол кезеңдегі Ресейдің алдыңғы қатарлы көзі ашық ғалымдарынан дәріс алды.

Н. Төрәкұлов сынақ кітапшасынан оның оқу кезеңдерінде дәріс берген белгілі ғалымдар С.А.Котляревский, П. И. Новгородцев (мемлекеттік құқық, 1912 жылдан 1917 жылға дейін Мәскеу коммерциялық институтының ректоры қызметін атқарған), А. А. Мануйлов (саяси экономия), А. Ф. Фортунатов (экономикалық география), Д.М.Петрушевский, А.А.Кизеветтер (тарих) және т.б есімдерін көруге болады (Отчет Московского коммерческого института, 1915: 7).

Мәскеу қалалық Орталық мемлекеттік архивінен табылып отырған 417-қор 24 тізімдегі Н. Төреқұловтың жеке ісінде оның Ә. Бөкейханов есімімен байланысты құжат кездеседі. Бұл құжатта мынадай мәліметтер берілген:

«Бүкілресейлік «Земскі одағына»

/Минск қ./ Бөкейхановқа

Ақпан. 21 /1917

№1424

Ағымдағы жылдың 20 ақпанындағы телеграмма бойынша Мәскеу коммерциялық институты келесі тұлғалардың куәліктерін жолдайды: Нәзір Төреқұлов № 05321 және Хусаин Исаков Бикентаев № 05328» (Мқ ОМА; қ. 417, т.24, іс. 658, п. 12).

Алаш көсемі Ә. Бөкейхановтың Бірінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында майданның қара жұмысына алынған қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. ел азаматтарына қажет түрлі көмек көрсету ісіне басшылық жасағаны анық. Яғни, Ә. Бөкейханов Мәскеу коммерциялық институтының осы жылдардағы тыңдаушылары Н. Төреқұлов пен Қ. Бикентаевты арнайы телеграмма жіберіп шақыртқаны көрінеді.

«Қазақ» газеті 1916 жылғы соңғы нөмірінде Ә. Бөкейхановтың 17 желтоқсанда Мәскеуден жазған хатын жариялайды. Онда «2—3 күнде біз . Ғалихан, Мырзағазы, Телі, Мұса, Хасен бесеуміз Западный фронтқа жүреміз, онда барып қазақ жігіттерін көреміз, Земскі Союзға көмек көрсетпек боламыз. Бұл кезде оның жанында жігіттерге қызмет жасауға аттанған қостанайлық мұғалім Мырзағазы Есболов, мәскеулік студенттер Тел Жаманмұрынов, Мұса Сейдалин және Хасен Бекентаев бар еді» (Қойгелдиев, 1995: 199) деп жазады. Бұл мәліметте Мәскеу ауылшаруашылық институтының студенттері Телі Жаманмұрынов пен Мұса Сейдалин және Мәскеу коммерциялық институтына сол 1916 жылы енді ғана қабылданған Хасен Бекентаев туралы айтылады. Төреқұлов оқыған институтқа қабылданған Хасен Бекентаев батыс майдандағы атқарған жұмыстарынан кейін алмағайып заманның орын алуына баланысты оқуын қайта жалғастырмаған.

Ә. Бөкейханов басқарған Земскі одағының «... Минскідегі бұратана бөлімі Псков қаласы арқылы Терістік майданындағы жігіттерге де барып жағдай білісіп, қолынан келген көмегін беріп тұрған. Сонда бұратана бөлімі қызметі шамамен саны 50—60 мың арасындағы жұмысшыларды қамтыған. Жұмысшы дружина және партиялар таза қазақтардан тұрмаған,

олардың кейбірінде қазақ жұмысшылары бурят, өзбек, қырғыз және тәжіктермен аралас болған. Соған байланысты Ә. Бөкейханов Түркістан уалаяты құрамындағы халықтардан да майданға тілмәштар шақырған» (Қойгелдиев, 1995: 200). Өзбек, қырғыз және тәжік жұмысшыларымен жұмыстар атқаруға тіл білетін Н. Төреқұлов ең таптырмас маман еді. Мәскеу коммерциялық институты сол кезеңдегі соғыс жағдайына байланысты майданға немесе сол жаққа жұмысқа сұранғандарды, арнайы жіберілгендерді қайтып келген соң оқуын жалғастыруға Ресейдегі басқа да жоғары оқу орындары сынды рұқсат берген болатын.

Мыржақып Дулатов «Қазақ» газетіне 1917 жылы наурызда жолдаған хабарында Минскіге келгендер қатарында «Қазан студенттері Айса Қисықов, Шафхат Бекмұхамедов, Мұхамедказы Шотаев; Мәскеу студенттері — Нәзір Төреқұлов, Муса Сейдалин, Хасен Бекентаев; Петроград студенті — Шахмардан Қапсаламов. Мұнда тағы Ғалихан, Мырзағазы, Әбубәкір, Мирякуб» (Қазақ газеті, 1917) деп жазады. Яғни, Н. Төреқұлов 1916 жылдың орта шенінен бастап жұмысқа алынған қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік жұмысшыларының саяси дүниетанымы мен көкірек көзін ашу үшін батыс майданда жұмыстар атқарды. Ол мұнда «Еркін дала» ұйымының қызметіне белсене араласты. Бұл туралы М. Қойгелдиев «Қазақ» газетіне сілтеме бере отырып «Еркін дала» майдандағы жұмыста жүрген жастардың арасында пайда болып, бірақ ол жақта ұйымдық тұрғыдан құрылуға қажет жағдай болмағандықтан, елге келген соң шілде айының алғашқы жартысында «Қазақ» газетінің жанынан Орынборда өз орталығын ашты. Ұйымдастырушы жігіттер ол жөнінде ««Еркін дала» қауымы соғыс майданында туып, оған көбірек жәрдем берушілер жұмыскерлер болды. Сондықтан майдан қызметінде жұмыс қылып жатқан азаматтарға тәңірі жарылғасын айтамыз» (Қойгелдиев, 1995: 206) деген жолдарын ұйымның қызметін анықтап көрсетуде дәлірек жеткізеді. Сонымен қатар, «Қазақ» газетінің 236-нөмірінде аталған ұйымды құрушылардың тізімін нақты көрсетеді. «Олар Асфендияр Кенжин, Нәзір Төреқұлов, Тел Жаманмұрынов, Шахмардан Қапсаламов, Мұса Сейдалин, Хайралдин Болғанбаев, Ахмет Байғұрин және Мырзағазы Есболов. Бұл кісілерден басқа қауымға ағза мүше болып Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов балашағаларымен, Ж. Жәнібеков, Ө. Мұқанов, Қ.

Сатқанов, П. Нұрмұхамедов, С. Кадірбаев, М. Төлебаев, Б. Жарылғасынов, штабс капитан Сарботин және қазақ студенттері мен учительдері жазылады» (Қойгелдиев, 1995: 207). Міне, осы «Қазақ» газетінде жарияланған тізімде Нәзір Төрекұловта болды. Ол ұйым жұмысына белсене араласып, қазақ және басқа ұлт өкілдерінен тыл жұмыстарына алынған жігіттерге ұлт тәуелсіздігі жолында күрес барысында халықтың әскері болатындығын түсіндірумен айналысты.

Н. Төрекұлов майдандағы Земскі одағында жарты жылға жуық қызмет атқарғаннан кейін Мәскеуге қайта келіп оқуын жалғастырғандығын Коммерциялық институттың Экономикалық бөлім деканына жазған өтінішінен көреміз. Ол 1916 жыл 17 қыркүйектегі бұл өтінішінде «Жарты жылдай майдандағы Бүкілресейлік Земскі одағында жұмыс жасап, тыңдаушылардың таңдауымен жүргізілетін төрт пәннен емтиханды уақытында тапсыра алмадым. Сондықтан, 3-ші курсқа жіберілмей қалдым. Осы мәселені ескере отырып, мені көктемге дейін қарыз емтихандарды тапсыру шартымен Экономикалық бөлімнің 3-ші курсына жіберуіңізді сұраймын» деп жазады (Мқ ОМА; қ. 417, т.24, іс. 658, п. 12). Аталған өтініштен оған оқуын ары қарай жалғастыруға рұқсат етілгендігі көрінеді. Дегенмен, Ресейде орын алған революция және азамат соғысының басталып кетуімен оның оқуды толығымен бітіргендігі туралы мәлімет кездеспейді.

М. Қойгелдиев өзінің зерттеу еңбегінде Қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің ірі саяси орталықтарда оқуы, сол тарихи кезеңдегі саяси оқиғаларды тікелей көзімен көріп, куә болуы, қоғамдық жаңғыру жолына қадам басқан орыс қоғамындағы демократиялық күштер мен ағымдардың ықпалын басынан кешіруі олардың қоғамдық көзқарасының кемелденуіне, саяси белсенділігінің артуына әсер етпей қоймады. Архивтік және басқа деректер студент қазақ жастарының қоғамдық белсенділігінің айтарлықтай жоғары болғандығын көрсетеді (Қойгелдиев, 1995: 89).

Нәзір Төрекұлов оқыған Мәскеу коммерциялық институты мен қосымша түрік, араб тілдерін біліп шығу үшін тыңдаушысы болған Лазарев шығыс тілдері институтында дәріс берген оқытушылары мен бірге оқыған замандастары оның болашақ қоғамдық-саяси қызметтерінде көптеген жұмыстарды бірлесіп атқаруына ықпалын тигізді. Мәселен, алғашқы орысша-түрікше сөздік кітапшының авторы, док-

тор Қарабей Қарабеков Нәзір Төрекұлов Лазарев шығыс тілдері институтында тыңдаушы болып жүргенде осы институттың оқытушысы болған. Сондықтан, тұлғаның түрік тілін еркін меңгеріп шығуына септігін тигізген ұстазы болды деген болжам жасауға болады. Осы жерде 1924 жылы Н. Төрекұлов Орталық баспада басшылық қызметте жүріп, КСРО БОАК хатшысы А. Енукидзеге қайта қайта хат жазып (РФ МА, қ. Р-3318, т. 17, іс. 353, пп. 3, 7, 9, 10, 16, 20) Қ.Қарабековтың орысша-түрікше сөздігінің жарыққа шығуына бірден бір себепкер болғандығын атап өтуіміз керек. Сонымен қатар, Мәскеу коммерциялық институтында бірге оқыған Азірбайжанның мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат Мырза Дәуіт Багироғлы Гусейнов (Список слушателей Московского коммерческого института, 1916: 33) туралы да айтуға болады. Ол Баку қаласында өткен Бүкілодақтық Түркология съезінде Н. Төрекұловпен бірге баяндама жасаушылардың бірі болды. Бір айта кетерлігі, М.Б. Гусейнов Мәскеу коммерциялық институтына дейін Лазарев шығыс тілдері институтын бітіріп, бірнеше тілдерде еркін сөйлейтін еді. Қайраткер тұлғаның Кеңестік биліктің жоғары сатыларында қызмет етуіне дейін Павлович, Диманштейн, Веритэ, Агамалыоғлы және т.б. сынды белгілі тұлғаларды танып, бірінен дәріс алды немесе бірімен дос болды. Бұл оның өмірінің кейінгі кезеңінде көптеген жұмыстарды бірге атқаруына үлкен септігін тигізді.

Қазан төңкерісіне дейін Мәскеуде қазақ жастарынан Мәскеу ауылшаруашылық институтында – Телі Жаманмұрынов, Мұса Сейдалиновмен қатар осы институтта Сатылған Сабатаев, Мәскеу коммерциялық институтында Нәзір Төрекұлов, Хасен Бекентаев, Лазарев шығыс тілдері институтында Нұх-ғалым Рамазанов, Мәскеу императорлық университетінде – Дәулетше Күсепқалиев, Жаһанша Досмұхамедов, Халел Ғаббасов, Мұқыш Боштаев (Петербург политехникалық институтына ауысқан), Мәскеу жоғары қыздар курсына – Аққағаз Досжанованың оқығандығы архив құжаттары негізінде анықталды. Сонымен қатар, Сатылған Сабатаев, Телі Жаманмұрынов жоғарыда көрсетілген жоғары оқу орнын оқығанға дейін Мәскеудегі Лазарев шығыс тілдері институтын бітіргендігі туралы да олардың жеке істері сақталған архив құжаттарынан көруге болады. XX ғасыр басындағы аталған қазақ зиялыларының әрбірі жеке зерттеуді қажет етеді.


Қорытынды

Қазақ тарихының кеңестік кезеңі жұлдыздай жарқыраған бірнеше қоғам қайраткерінің халыққа қажымай қызмет етуімен есте қалды. Мұндай қоғам қайраткерлерінің өмірі мен елім үшін деп жасап кеткен өнегесі ұлттық мақтаныш ретінде дәріптеле беретін болады.


XX ғ. бас кезіндегі революциялық және реформалық өзгерістер сол кезде тарих сахнасына шыққан ұлттық элитаны қазақ халқының болашағына қызмет етуге жұмылдырды. Алайда, олар өздері құрған кеңестік биліктің тоталитарлық саясатының құрбаны болды. Сондықтан да ұлттық тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне шынайы баға беру тарихымыз үшін ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның жас ұрпағын рухани жаңғыру ұстанымдары тұрғысынан елжанды, мемлекетшіл етіп қалыптастыруға қызмет

етеді. Осыған байланысты тәуелсіз тарихи сана қалыптастыруда ұлт қайраткерлерінің қоғамдық-саяси қызметі мен ұлттық мемлекеттің негіздерін қалаудағы тарихи қызметін мемлекетшілік идеясына топтастыра қарастыру арқылы ғылыми қалпына келтіру бағытында жүргізілетін зерттеулерге әдістемелік негіз болуы тиіс тұжырымдар жасалды.

Мемлекет және қоғам қайраткері Н. Төрешұловтың өмірі тарихына деректік негізде талдау жасай отырып, оның ең алдымен ұлтына, туған халқына көмек беруге ұмтылғанын көреміз. Мәскеу қаласындағы архив қорларындағы құжаттарды іздеп тауып, айналымға ұсына отырып, қазақ елі үшін тағдырқешті кезеңде кеңестік биліктің жоғары эшелонында қызмет жасаған Н. Төрешұловтың Мәскеу қаласындағы қоғамдық-саяси қызметінің қалыптасып дамуының алғашқы кезеңі тарихын ғылыми қалпына келтіруге талпыныс жасалды.



1-сурет – Н. Төрешұловтың Мәскеу коммерциялық институтына



2-сурет – Н. Төркүловтың Назарев шығыс тілдері институтына сыртқы тыңдаушы ретінде қабылдану үшін Мәскеу коммерциялық институты канцеляриясына жазған өтініші (Мқ ОМА; к. 417, т.24, іс. 658, п. 9).

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетімен қаржыландырылды (грант ИРНВР18574180).

Әдебиеттер

- Қозыбаев М. (2000). Қазақстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы: Ғылым. 417 с.
- Нұрпейісов К. (2010). Алаш ақиқаты. Алматы: Ақ Арыс. 424 б.
- Қойгелдиев М., Омарбеков Т. (1993). Тарих тағлымы не дейді? Алматы: Ана тілі. 208 б.
- Абжанов Х.М. (1998). Сельская интеллигенция Казахстана в условиях совершенствования социализма. Алма-Ата: Наука. 197 с.
- Омарбеков Т. (2003). Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: көмекші оқу құралы. Алматы: Өнер. 552 б.
- Әлмашұлы Ж. (1996). Нәзір Төрекұловтың журналистік мұрасы: филол. ғыл. канд. ... дис. Алматы. 181 б.
- Мансуров Т. (2003). Полпред Назир Тюрякулов. Дипломат. Политик. Гражданин. Москва: Реал-Пресс. 336 с.
- Арыстанов Ж. (1972). Естен кетпес есімдер (Естеліктер, очерктер, публицистикалық мақалалар). Алматы: Қазақстан. 172 б.
- Қожакеев Т. (1992). Көк сеңгірлер. Алматы: Қазақ университеті. 270 б.
- Бердібай Р. (1997). Нәзірдің жұлдызы жоғары. Егемен Қазақстан. № 8. 3 б.
- Қойшыбаев Б. (1990). Жазықсыз жапа шеккендер. Алматы: Қазақстан. бб.92-104
- Ысқақұлы Д. (2017). Түркістанда туып, түркіге тұтқа болған қайраткер. Алаштың асыл перзенті. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, дипломат. Нәзір Төрекұловтың 125 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы. Түркістан. бб.237-246.
- Төрекұлов Н. (1997). Шығармалар. Соч.: Дипломат. құраст.: Ы. Ысмайылұлы, С. Әшірбек, Қ. Бердияр және т.б. Алматы: Қазақстан. 336 б.
- Түрсүн Х.М., Батырбекқызы Г. (2017). Нәзір Төрекұлов: қоғамдық-саяси қызметі (түркістандық және мәскеулік кезеңдері). Шымкент: АЗИАТ. 212 б.
- Martin T. (2001). An Affirmative Action Empire: Nations and Nationalism in the Soviet Union, 1923–1939. (The Wilder House Series in Politics, History, and Culture.). Ithaca: Cornell University Press. 496 p.
- Мәскеу қалалық Орталық мемлекеттік архиві (МҚ ОМА). Қ-417, т-24, іс-658, п. 2.
- Мансұров Т. (2014). Познание личности. Полпред СССР Назир Тюрякулов. Тұлғаны тану. Москва: Русский раритет. 936 с.
- Список слушателей Московского коммерческого института: 1915-1916 ак. год. (1916). Москва. 170 с.
- Қойгелдиев М. (1995). Алаш қозғалысы (Көмекші оқу құралы). Алматы: Санат. 368 б.
- Иванов А.Е. (1991). Высшая школа России в конце XIX – начале XX века. Москва: Искра революции. 392 с.
- Тридцатилетие специальных классов Лазаревского института восточных языков (1872-1902). Памятная книжка изданная на средства Почетного попечителя Лазаревского Института, князя С.С. Абамелек-Лазарева.(1903). Москва: Варвары Гатцук. 147 с.
- Ресей Ғылым академиясының архиві. Қ-677, т-7, іс-146, п. 2.
- Batyrbekkyzy G., Otarbaeva G.K., Mussayeva S.T., Sugirbayeva G.D., Issabek B.K. (2017). Nazir Tyurakulov – first Soviet diplomat in Saudi Arabia. Man in India. – 2017. – Vol.97. pp.75-80.
- Отчет Московского коммерческого института. 1913—1914 год. (1915). Москва. 153 с.
- Қазақ газеті, (1917). № 223.
- Ресей Федерациясы мемлекеттік архиві. Қ-Р-3318, т-17, іс-353, пп. 3, 7, 9, 10, 16, 20.

References

- Kozybaev M. (2000). Kazakhstan na rubezhe vekov: razmyshleniya i poiski [Kazakhstan at the turn of the century: reflections and searches]. Almaty: Gylym. 417 p.
- Nurpejisuly K. (2010). Alash akikaty [The truth of Alash]. Almaty: An Arys. 424 p.
- Kojgeldiev M., Omarbekov T. (1993). Tarih taglymy ne dejdi? [What does history say?]. Almaty: Ana tili. 208 p.
- Abzhanov H.M. (1998). Sel'skaya intelligenciya Kazahstana v usloviyah sovershenstvovaniya socializma [Rural intelligentsia of Kazakhstan in the conditions of improving socialism]. Alma-Ata: Nauka. 197 p.
- Omarbekov T. (2003). Kazakstan tarihnyn XX gasyrdagy ozekti maseleleri: komekshi oku kuraly [Topical problems of the history of Kazakhstan in the 20th century: a teaching book]. Almaty: Oner. 552 p.
- Almashuly Zh. (1996). Nazir Torekulovtyn zhurnalistik murasy [Nazir Torekulov's journalistic heritage]: filol. gyl. kand. ... dis. Almaty. 181 p.
- Mansurov T. (2003). Polpred Nazir Tyuryakulov. Diplomat. Politik. Grazhdanin [Consul Nazir Turekulov. Diplomat. Politician. Citizen.]. Moskva: Real-Press. 336 p.
- Arystanov Zh. (1972). Esten ketpes esimder [Unforgettable names] (Estelikter, ocherkter, publicistikalyk makalalar). Almaty: Kazakstan. 172 p.
- Kozhakeev T. (1992). Kok sengirler [Blue hills]. Almaty: Kazak universiteti. 270 p.
- Berdibaj R. (1997). Nazirdin zhuldyzy zhogary [Nazir's star is high]. Egeмен Kazakstan. № 8. 3 p.
- Koishybaev B. (1990). Zhazyksyz zhapa shekkender [Innocent victims]. Almaty: Kazakstan. pp.92-104

Yskakuly D. (2017). Turkistanda tuyp, turkige tutka bolgan kajratker. Alashtyn asyl perzenti. Kornekti memleket zhane kogam kajratkeri, diplomat [A figure who was born in Turkestan and became a slave to Turks. The precious child of Alash. Prominent state and public figure, diplomat]. Nazir Torekulovtyn 125 zhyldygyna amalghan Halykaralyk gylimi-tazhiribelik konferenciya materialdarynyn zhinagy. Turkistan. pp.237-246.

Torekulov N. (1997). Shygarmalar [Works]. Soch.: Diplomat / kurast.: Y. Ysmajyluly, S. Ashirbek, K. Berdiyaz zhane t.b. Almaty: Kazakstan. 336 p.

Tursun H.M., Batyrbekkyzy G. (2017). Nazir Torekulov: kogamdyk-sayasi kyzmeti (turkistandyk zhane maskeulik kezenderi) [Nazir Torekulov: social and political activity (Turkistan and Moscow periods)]. Shymkent: AZIAT. 212 p.

Martin T. (2001). An Affirmative Action Empire: Nations and Nationalism in the Soviet Union, 1923–1939. (The Wilder House Series in Politics, History, and Culture.). Ithaca: Cornell University Press. 496 p.

Maskeu kalalyk Ortalyk memlekettik arhivi [Moscow Central State Archive]. K-417, t-24, is-658, p. 2.

Mansurov T. (2014). Poznanie lichnosti. Polpred SSSR Nazir Tyuryakulov. Tulgany tanu [Identity recognition]. Moskva: Russkij raritet. 936 p.

Spisok slushatelej Moskovskogo kommercheskogo instituta [List of students of the Moscow Commercial Institute]: 1915-1916 ak. god. (1916). Moskva. 170 p.

Kojgeldiev M. (1995). Alash kozgalysy [Alash movement] (Komekshi oku kuraly). Almaty: Sanat. 368 p.

Ivanov A.E. (1991). Vysshaya shkola Rossii v konce XIX – nachale XX veka [Higher School of Russia at the end of the 19th – beginning of the 20th century]. Moskva: Iskra revolyucii. 392 p.

Tridcatiletie special'nyh klassov Lazarevskogo instituta vostochnyh yazykov (1872-1902) [Thirtieth Anniversary of the Special Classes of the Lazarev Institute of Oriental Languages (1872-1902)]. Pamyatnaya knizhka izdannaya na sredstva Pochetnogo popechatelya Lazarevskogo Instituta, knyazy S.S. Abamelek-Lazareva.(1903). Moskva: Varvary Gatkuk, 147 p.

Resej Gylim akademiyasynyn arhivi [Archive of the Russian Academy of Sciences]. K-677, t-7, is-146, p. 2.

Batyrbekkyzy G., Otarbaeva G.K., Mussayeva S.T., Sugirbayeva G.D., Issabek B.K. (2017). Nazir Tyurakulov – first Soviet diplomat in Saudi Arabia. Man in India. pp.75-80

Otchet Moskovskogo kommercheskogo instituta [Report of the Moscow Commercial Institute]. 1913—1914 god. (1915). Moskva. 153 p.

Kazak gazetisi [Kazak newspaper], (1917). № 223.

Resei Federasiyasinin memlekettik arhivi. K-P-3318, t-17, is-353, pp. 3, 7, 9, 10, 16, 20.